

«6D020500–Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Заурбекова Ляззат Жанатқызының «Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу лингвистиканың өзекті бағыттарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылдың 12 қазанындағы №726 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Кез келген халықтың рухани байлығы және мәдениетінің құрамдас бір бөлігі болып табылатын көркем мәтін антропоөзектік жаңа ғылыми парадигмалар аясында қарастырылуы - қазіргі өзекті мәселенің бірі. Прагматикалық аспектіде тілді қарастыру тілді жасаушы адамның танымы, білімі, ойлауын, сөйлеуін бағдарлауды ескеретінін көрсетілген. Ұсынылып отырған жұмыста көркем мәтін түзуші автор интенциясы, тілдік сана, ойлау мақсаттарының мәні мен оған сай қолданылған прагмастилистикалық тілдік құралдар психологиялық тілтану мен когнитивтік тілтану айғақтары негізінде сипатталады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертацияларға қойылатын талаптар аясында жұмыстың ғылыми нәтижелері теориялық және әдістемелік тұрғыда дәлелденіп, қазақ тіл білімінің дамуына, соның ішінде функционалды прагматика бағытының негізделуіне елеулі үлес қосады. Зерттеудің маңыздылығы диссертацияның кіріспе бөлімінде толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Ізденуші көркем мәтін прагматикасын сипаттауға қажетті терминдер анықтамасын келтіріп, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасау негізінде I бөлімде функционалды прагматиканың зерделену траекториясын нақтылайды. Диссертант II бөлімде прагматикалық

			интерпретацияны автор интенциясы негізінде теориялық және практикалық тұрғыда баяндап, III бөлімде көркем мәтінде прагматикалық қызмет атқаратын әмбебап және ұлттық тілдік-күралдарды сипаттайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі тиісінше негізделген. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында берілген қорытындылары арқылы көрінеді. Диссертация антропоэлектік парадигмаларды арқау ете отырып, функционалды прагматиканың ғылыми пәндік негіздері мен ұғымдық кеңістігін нақтылап, тұжырымдай алған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды, яғни ізденушінің ғылыми нәтижелері тиісті дәйектермен негізделеді. Ізденуші сөйлеу актілері, автор интенциясы, ішкі сөйлеу, ішкі сөз, манипуляция, сөйлеу ықпалы сияқты мәселелердің көркем мәтін, дискурстағы прагматикалық функциясын сатылап айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Мақсаты мен міндеттері диссертацияның «Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» деген тақырыбына сәйкес келеді. Көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық аспектілерін анықтау мақсатында функционалды прагматика теориясының ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып, 6 міндетті шешу қажеттігін анықтаған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытындыдан тұрады. Ізденуші алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін тақырыптың өзектілігін көрсете отырып, нақты міндеттерді саралап көрсетеді және оның тұжырымдарын шығарады. Бөлімдер арасында логикалық байланыс толығымен сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген белгілі тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, ұтымды ұсынылған. Сыни талдауы бар, авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған.
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар	Ізденуші тарапынан ұсынылған тұжырымдардың жаңашылдық

жаңашылдық принципі	<p>жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>деңгейі, біріншіден, функционалды прагматиканың тіл білімінің негізгі бір саласы ретінде даму жолын сипаттаудан көрінсе, екіншіден, зерттеу нысаны ретінде алынған бағыттың ғылыми пәндік негіздемесінің сатылы нақтылануымен, яғни автор интенциясы, автор прагматикасының ақиқат/жалған позициясын, эмоция мен экспрессивтілікті білдірудің прагматикалық қуаты, энергиясын көрсетуден байқалады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер, әдістер мен қағидат дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Әр тармақта диссертант осы мәселе төңірегіндегі ғылыми пікірлер мен шешімдерді көрсетіп, оларды сыни тұрғыдан бағалап отырады, яғни қорытындылар жаңа:</p> <p>1. Көркем мәтін тілінің автор-мәтін-оқырман байланысы негізінде қарастырылуы оның прагматикалық аспектілерін көрсететіні нақтыланады;</p> <p>2. Прагматикадағы ішкі ой мен сөз мәселелерін қарастырып, тілді зерттеуде түрлі ғылым жетістіктері қолданылуы нәтижесінде ішкі ой көркем мәтінде автордың прагматикалық қуатының көрсеткіші екені, оқырманмен (адресат) байланысын танытатынын көрсетеді;</p> <p>3. Көркем мәтіндегі автор суггестиясының толыққанды зерттелмегенін ескертіліп, көркем мәтін үш түрлі - автор интенциясы, кейіпкер интенциясы және интенционалдық мақсат, әрекет – негізінде қарастырылады, автор прагматикасының ақиқат/жалған позициялары нақты мысалдармен дәйектеліп, тілдегі вербалды және бейвербалды амалдардың сипаты мен қызметі талданады;</p> <p>4. Көркем мәтін авторы мен оқырман арасындағы байланыс декодтаушы прагматикалық талдау негізінде жүргізіліп, автордың жеке ойлау стилі, тілдік қолданысы мен танымы нәтижесінде және адресаттың аялық білімі мен түсіну процесін қалыптастыратын ассоциативтік ұғымдар мен пресуппозициялар негізінде талданады;</p> <p>5. Көркем мәтін тіліндегі автор образы модальдылық және мәтін тіліндегі ұлттық (дәстүрлі) стереотиптер арқылы ашылатыны әрі автордың оқырман прагматикасын қалыптастыруға түрткі болатыны нақтыланады; мәтін түзуші стилистикалық құралдар,</p>

			категориялар мен дәстүрлі стереотиптер прагматика функциясының қырлары деп танылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық және экономикалық шешімдер диссертация тақырыбының өзектілігімен және лингво-мәдени, әлеуметтік-қоғамдық ортадағы маңыздылығымен анықталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда айтылған пікірлер көркем мәтіннен алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар ғылыми негізде де, логикалық жүйемен де сұрыпталып, дәйектелген. 1. Қазіргі қазақ тілі біліміндегі функционалды прагматиканың ғылыми концепциялары және терминологиялық аппаратының ғылыми сипаты айқындалады. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген. 2. Прагматика термині белгілі бір тілдік бірліктердің ықпал ету қызметі, жұмсалым мәнімен қоса, ішкі ой, ішкі сөз мәселелерімен тығыз байланысты қарастырылды. Функционалды прагматикада автордың ішкі сөз актілерінің түрлі деңгейлері сана, ойлау, процестерімен байланысты мәніне сипаттама беріледі. 7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа.

		<p>2) жоқ</p>	<p>7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген.</p> <p>3. Көркем мәтінде автор идеясын, ақиқат шындығын тануда, кейіпкерлердің ішкі ойы, ішкі сөзі көркем мәтін құрастыруда, мәтін энергиясын жеткізуде үлкен рөлі маңызды орынға ие.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген.</p> <p>4. Көркем мәтіндегі экспрессивті тілдік бірліктер саналатын тенеулер, мақал-мәтелдер, фразалық тіркестер, авторлық ремаркалар, қайталаулар, контраст (қарама-қайшылық), фонетикалық деңгейде тіл нормасынан ауытқу амалдары прагматикалық компоненттердің қатарынан орын алатыны жүйеленеді. Демек, философияның күрделі ақиқат/жалған категориясы көркем мәтіндегі ақпараттардың имплицитті және эксплицитті мағыналары функционалды прагматиканың негізгі өзектерінің бірі екендігі сараланады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалада дәлелденген.</p> <p>5. Көркем мәтіндердегі кейіпкерлердің жалған сөйлеуі, бірін-бірі алдауы, жанжалдасуын көрсететін диалогтар, монологтар мен концептуалды фреймдердің прагматикалық интенцияға байланысты екендігі қарастырылады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең.</p>
--	--	---------------	--

7.5 Мақалада дәлелденген.

6. Интенция терминінің танымдық, философиялық мәнімен қатар автор интенциясын құрайтын кейіпкер интенциясы, интенционалды мақсат терминдері – прагматиканың функционалды өзегі.

7.1 Қағидат дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Жаңа.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Мақалада дәлелденген.

7. Көркем мәтіндегі авторлардың философиялық ой-пайымдары оқырманға өзіндік пікір қалыптастыруға түрткі (дейкис) болатындығы прагматикалық перлокутивтік актінің жасалуына мүмкіндік тудырады. Декодтаушы прагматикасы тілдегі прессуппозициялардың ерекшелігі оқырманның тезаурусына, аялық біліміне әсер ететіндігімен танылатындығы ғылыми мәнге ие.

7.1 Қағидат дәлелденген.

7.2 Тривиалды.

7.3 Жаңа.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Мақалада дәлелденген.

8. Көркем мәтін прагматикасы стилистикалық категориялар, дәстүрлі стереотиптер прагматика функциясының қырлары деп тануға болады.

7.1 Қағидат дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Жаңа.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Мақалада дәлелденген.

			Диссертацияның негізгі қағидалары мен қорытындылары қазақ және ағылшын тілдерінде ғылыми көпшілікке конференция материалдары, ғылыми мақалалар үлгілерінде ұсынылған. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Скопус базасындағы мақалада, Қазақстан Республикасында өткен халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында басылған зерттеу нәтижелерін атауға болады.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Ізденуші диссертация жұмысының нәтижелерін компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Иә. Көркем мәтін прагматикасына қатысты теориялық тұжырымдар мен анықталған өзара байланыстар, заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен (талдаулармен) дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста

		расталған / расталмаған	көрнекті ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда отандық және әлемдік ғылыми айналымдағы еңбектерге шолу жасалып, негізге алынған. Әлемдік лингвистика өкілдері Ч. Моррис, К.Бюлер, Д.Серль, А.Реддер, Дж. Лич сияқты ғалымдардың тұжырымдарымен қатар, жұмыста қазақ тіл білімінің үлесіндегі ізденістер көрсетілді. Қолданыстағы әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық та, әдістемелік те негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі жұмыс интегративті деңгейде орындалып, функционалды прагматиканың терминдік аппараты, ұғымдық кеңістігі және құралдарын сипаттап, тіл білімінде бар пікірлерді толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациядан алынған нәтижелерді «Прагмастилистика», «Мәтін және дискурс», «Көркем мәтіннің прагматикасы», «Мәтіннің прагмалингвистикасы», «Қазақ тілінің стилистикасы», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» сияқты пәндерді оқытуда, зерттеуде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Оқу үдерісінде қолдануға болатын прагмастилистикалық талдау нәтижелерін 100% мөлшерде жаңа деп бағалауға болады. Жоғарыда аталған пәндердің теориялық және материалдық базасын нығайтады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденушінің теориялық және көркем мәтін материалдары бойынша жинақтаған көлемді қорын жоғары бағалай келе, академиялық жазу сапасы орташа деп бағаланады, себебі: 1. Термин қолдануда бірізділік сақталмаған: вербальды, паравербальды және вербалды (21-б.); үш нүкте пунктуациялық белгісі қолданылған (72-б.) - көп нүкте, сызықша, модаль (екен) сөздер арқылы жасалып тұр (105-б.); (акцентаторлар (101-б.) - акцентуаторлар (102-б.).

			<p>2. Стыльдік селкеуліктер, калька аударма жиі кездеседі: Аталған пікірлерге ... тұжырымы байытады (26-б.); Кез келген фрагментті ауыстыру үшін зерттеушінің интуициясына қарай жүзеге асады (35-б.); көп рөл ойнайды (43-б.); Мәтіндердегі имплицитті ақпаратты бір ғана элемент арқылы барлық жағдаятты түсіндіруге қарқынды (64-б.) Қазіргі лингвистика ғылымында мәтіннің экспрессивтілігіне әр түрлі көзқарас тұрғысынан салыстырмалы сипатталған (67-б.) т.б.</p> <p>3. Сөзқолданыс қателері: оқырман типіне <i>бағышталып</i> (90-б.); <i>кітап мүжүші бұзылғандар</i> деген тұрақты тіркес (60-б.); Қарағым - 3.Ашкөз, тойымсыз, мешкей (109-б.) т.б.</p> <p>4. Емле және тыныс белгілері қателері: 4-, 5-, 22-, 23-, ...58-, 59-, 99-, 103-, т.б. беттер</p> <p>5. Ғалымдардың фам. мен еңбектері дұрыс жазылмаған: Н.И.Форманская (23-б.); Диссертация мәтінде: «Тіл білімінде фрейм ұғымдары» (58-б.), пайдаланған әдебиет тізімінде «Тіл білімінде фрейм ұғымының берілуі»; Я Мукажевский (68-б.); Тілші ғалым Г.Смағұлова [33] көркем мәтін лингвистикасы еңбегінде (26-б; 53-б.); көркем мәтіннің сипаттамалары мақаласында Г.Әзімжанова (26); Р.О. Якобсон «лингвистика және поэтика» еңбегінде (31-б.); қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (56-б.)</p>
--	--	--	--

Сонымен қатар диссертанттың Скопус базасындағы мақаласында қарастырылған мәтін көркем мәтін емес және мақалалары тек ҚР-да өткен халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланғанын айта кету керек.

«Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы үшін **Заурбекова Ляззат Жанатқызы** 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

А.С. Адилова

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН



Сиссинамбет *ЗП*

02.06.2022